

KASE

АПТАЛЫҒЫ

21 – 25 қараша
2022

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "ASIA PARK" ЖШС ("АЗИЯ паркі") [KZ2P00008998](#) (ASPKpp1) облигациялары және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің [KZMJ00001444](#) (SKK024_144) облигациялары өнгізілді.
- KASE-де Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің [XS2555207096](#) (EBRDe16) халықаралық облигацияларымен және "Aidarly Project (Айдарлы Проджект)" АҚ [KZ1C00014562](#) (ADRP) жай акцияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Microsoft Corporation [US5949181045](#) (MSFT_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды
- KASE-де Bank of America Corporation [US0605051046](#) (BAC_KZ) жай акцияларымен және [терт](#) атаудағы жай акциялармен сауда-саттық тоқтатылды.
- "Фридом Финанс" АҚ-на "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ [KZ2C00007060](#) (BTRKb5) облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесін берді.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі МЕТИКАМ-36 ([KZKT00000016](#), MTM036_0001) бірінші шығарылымын МЕТИКАМ-60 ([KZKT00000032](#), MTM060_0001) бірінші шығарылымын KASE-де орналастырып, 51,0 млрд теңге тартты.
- Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі KZMJ00001444 (SKK024_144) облигацияларын орналастыру арқылы KASE-де 2,1 млрд теңге [тартты](#).
- "Банк ЦентрКредит" АҚ KZ2C00004554 (CCBNb32) облигацияларын жылдық 17,50 % өтеуге орташа алынған кірістілікпен KASE-де орналастыра отырып, 13,1 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00007110](#) (KFUSb5), [KZ2C00007540](#) (KFUSb21), [KZ2C00008696](#) (KFUSb39), [KZ2C00008910](#) (KFUSb45), [KZ2C00008928](#) (KFUSb46) және [KZ2C00008951](#) (KFUSb49) облигацияларын KASE-де орналастыру арқылы 55,5 млрд теңге тартты.
- NOSTRUM OIL&Gas PLC 2022 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін [жариялайды](#)
- Nostrum OIL&Gas PLC ұзарту күнін кейінге қалдыру туралы хабарлама [ұсынды](#).
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ 2022 жылдың шілде-қыркүйек айларына "allGA" ИПИҚ KZPF00000132 (FHJlag) пайларын ұстаушыларға дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).
- "Қазақтелеком" АҚ 2022 жылдың тоғыз айындағы қызметінің қорытындысын [хабарлады](#).
- S&P Global Ratings "Қазақтелеком" АҚ түсімінің одан әрі өсуін және кредит қабілеттілігінің жақсаруын [болжайды](#).
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы " АҚ 2022 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).



25.11.2022

Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
KASE Индексі	3 071,63	0,3	-1,6
Freedom Holding Corp.	60,90	8,2	16,3
АО Kaspi.kz	34 036,99	7,3	17,7
NVIDIA Corp.	165,03	3,9	36,9
VANECK ETF TRUST	18,17	3,8	- 6,9
АО "KM GOLD"	172,00	1,2	- 3,4
Ford Motor Company	15,11	0,7	17,1
АО "Банк ЦентрКредит"	615,00	0,5	- 1,4
AT&T Inc.	19,15	0,3	15,4
АО "Банк ЦентрКредит" прив	349,00	-	0,2
АО "KEGOC"	1 574,70	- 0,0	- 1,1
АО "СНПС - Актобумунайгаз" прив	34 988,00	- 0,0	- 7,3
АО "Қазақтелеком"	26 200,00	- 0,2	- 14,4
Apple Inc.	150,40	- 0,2	0,7
АО "Народный сберегательный банк Каз"	119,15	- 0,5	0,1
Intel Corporation	29,66	- 1,5	14,1
АО "НАК "Қазатомпром"	12 508,89	- 2,1	- 5,7
АО "Кселл"	1 550,00	- 2,3	1,0
АО "ForteBank"	3,60	- 2,7	- 3,5
АО "ҚазТрансОйл"	569,00	- 3,6	- 19,9
Yandex N.V.	14 121,00	- 7,0	- 11,7

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексінің мәні бүйірлік трендте өзгерді және аптаның қорытындысы бойынша 3 071,63 тармақ деңгейіне дейін 0,3 %-ға шамалы өсті. Бір аптадағы оң динамиканы тек Kaspi.kz АҚ жай акциялары көрсетті – 7,3 %-ға өскен және ЦентрКредит банкінің жай акциялары 0,5 %-ға өскен. Естеріңізге сала кетейік, Kaspi.kz АҚ акционерлері бұған дейін 2022 жылдың үшінші тоқсанында бір акцияға 600 теңге мөлшерінде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған болатын. Дивидендтер төлеудің басталу күні – 23 қараша.

Қазақтелеком 9 айдың қорытындысы бойынша қаржылық нәтижелерді хабарлады: компанияның таза пайдасы 88 млрд теңгеден асып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,4 %-ға артты. S&P Global Ratings халықаралық агенттігі Қазақтелекомның "BB+" деңгейіндегі кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен растады және 2022-2023 жылдары компания кірісінің одан әрі өсуін, сондай-ақ кредит қабілеттілігінің жақсаруын болжайды. Компания акцияларының бағасы бір апта ішінде символдық түрде 0,2 %-ға төмендеді.

Өткен аптада борыштық капитал нарығында ЦентрКредит Банкі жылдық 17,5 % өтеуге кірістілігі бар және 3 жыл өтеуге дейінгі мерзімі бар облигацияларды орналастыра отырып, KASE-де 13,1 млрд теңге тартты. Қазақстандық тұрақтылық қоры жалпы сомасы 55,6 млрд теңгеге облигациялардың алты шығарылымын орналастырды: жылдық 17,2–17,7% өтеуге кірістілігі бар және өтеу мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі 35,6 млрд теңгеге облигациялардың төрт шығарылымы және TONIA Compounded плюс жылдық 2,4-2,5% индикаторына тең құбылмалы мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі 5-7 жыл болатын 20 млрд теңгеге облигациялардың екі шығарылымы.

МБҚ нарығында қаржы министрлігі бір апта ішінде жалпы сомасы 51 млрд теңгеге 3 жылдан 5 жылға дейінгі және жылдық кірістілігі 15,88-ден 15,95 %-ға дейінгі қазынашылық міндеттемелердің екі шығарылымын орналастырды. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі 2020-2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" тұрғын үй-коммуналдық дамуының мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыру мақсатында екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, KASE-де 2,1 млрд теңге тартты.

Өткен аптада облигациялар бойынша купондық сыйақылар төлеу туралы "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі, Өнеркәсіпті дамыту қоры, Қазақстандық орнықтылық қоры, Халық банкі және басқалар хабарлады.

Әлемдік жаңалықтардан, ФРЖ хаттамасына сәйкес, федералды резервтік көшбасшылардың көпшілігі пайыздық мөлшерлемелердің өсу қарқынын бәсеңдетуді бастаған жөн деп санайды. Қараша айында Федералды резервтік жүйе базалық мөлшерлемені қатарынан төртінші рет 0,75 пайыздық тармаққа көтерді. Қазіргі уақытта мөлшерлеме 15 жылдық ең жоғары 3,75-4 % деңгейінде. Уолл-стриттің негізгі индекстері ставкалардың жоспарланған баяулауы туралы сигналда оң динамиканы көрсетті. Еуропалық индекстер ФРЖ ниеттерін де оң қабылдады. Тиісінше, дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының кірістілігі негізінен төмендеді.

Қытай Халық Банкі банктер үшін міндетті резервтер нормасын 25 базистік тармаққа төмендетті. Бұл шара 5 желтоқсаннан бастап 500 млрд юань ұзақ мерзімді өтімділікті босатады.


Естеріңізге сала кетейік, қазіргі уақытта "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясының IPO аясында жай акцияларына жазылу жүргізілуде. Инвестор-жеке тұлғалардан өтімдерді қабылдау 2 желтоқсан күні сағат 15.00-ге дейін жалғасады.

Өткен аптада ҚазМұнайГаз компаниясы 9 айдағы қаржылық нәтижелер туралы хабарлады, оған сәйкес таза пайда 1,2 трлн теңгені құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,9 %-ға өсті.




18-25 қараша аралығында мемлекеттік бағалы қағаздармен РЕПО операцияларының (МБҚ) бір күндік (TONIA) кірістілігі жылдық 15,03 %-дан 16,75 %-ға дейін өсті. Қаралып отырған кезеңде "үлкен салық аптасы" салдарынан қысқа мерзімді теңгелік өтімділіктің төмендеуіне байланысты қарызға алынған теңге мөлшерлемесі бір күн мерзімге АҚШ доллары кепілімен (SWAP-1D (USD)) жылдық 15,54 %-дан 17,2 %-ға дейін өсті. Салыстыру үшін, 2 қарашадан 15 қарашаға дейін АҚШ долларындағы бір күндік валюталық своп операцияларының кірістілігі жылдық 13-14,5 % аралығында болды.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





25 қарашадағы сауда-саттық қорытындысы бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір АҚШ доллары үшін 465,38 теңге деңгейінде қалыптасты, бір апта ішінде 1,4 %-ға (459,04-тен) әлсіреді.


Сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиғалар болды, соның ішінде АҚШ ФРЖ ашық нарықтар комитетінің кезекті отырысы. Онда қатысушылардың көпшілігі инфляцияның төмендеуінің маңызды белгілерінің жоқтығына қарамастан, ақша-несие саясатының қатаңдауының баяу қарқынын жақтады. Осыған байланысты DXY АҚШ долларының индексі 0,91 %-ға төмендеді (106,93-тен 105,96-ға дейін).

Дамушы елдердің АҚШ долларына қатысты валюта бағамдарының серпіні келесідей қалыптасты:

- Оңтүстік Африка ранды жаһандық тәуекел сентиментін қалпына келтіру және Орталық банктің пайыздық мөлшерлемесін 75 б.т. (7 %-ға дейін) арттыру аясында 1 %-ға (17,26-дан 17,08-ге дейін) нығайды;
- Мексикалық песо доллардың әлсіреуі және АҚШ қазынашылық кірістілігінің төмендеуі аясында 0,6 %-ға (19,44-тен 19,33-ке дейін) нығайды;
- Индонезия рупиясы 0,1% - ға (15684-тен 15673-ке дейін) ФРЖ ставкасының өсу қарқынының баяулауы туралы сигнал аясында нығайды;
- Түрік лирасы инфляцияның рекордтық мәндерінде орталық банктің дисконттау мөлшерлемесінің 150 б.п. (9% дейін) төмендеуіне қарамастан, 0,1 %-ға (18,62-ден 18,6-ға дейін) нығайды;
- Үнді рупиясы өзгерген жоқ (81,69 деңгейінде қалды);
- Ресей рублі мұнай бағасының төмендеуі аясында 0,2 %-ға (60,4-тен 60,5-ке дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы салық-бюджет саясатын жеңілдету перспективаларына қатысты алаңдаушылық аясында 0,4 %-ға (5,38-ден 5,4-ке дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.22)




Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2022, %

— GBPKZT	562,13	2,68	5,41	-3,01
— USDKZT	465,38	1,38	-1,48	7,94
— EURKZT	483,58	1,50	4,10	-0,48
— CNYKZT	64,95	0,68	-0,06	-3,62
— RUBKZT	7,69	1,05	-1,03	33,80

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	4 026,12	1,5	5,1	-14,4	1,5
Dow Jones	34 347,03	1,8	7,9	-4,1	1,7
PTC	1 141,07	-0,5	4,8	-31,5	-0,1
ММВБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-0,1
Hang Seng	17 573,58	-2,3	14,7	-29,0	-2,3
SS CSI 300	3 775,78	-0,7	3,3	-22,9	-0,8
Euro Stoxx 50	3 962,41	1,0	9,9	-7,7	1,0
FTSEuroFirst	4 619,50	1,4	8,3	-2,6	1,5
FTSE 100	7 486,67	1,4	6,1	2,4	1,5
KASE	3 071,63	0,3	-1,6	-17,6	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,63	-4,6	-12,6	1,7
Мұнай (WTI)	76,28	-4,7	-13,2	-2,7
Табиғи газ	7,02	11,4	25,3	38,6
Мыс	362,75	-0,1	2,3	-18,6
Темір	751,50	-2,2	4,4	24,6
Алтын	1 754,93	0,2	5,4	-1,9
Күміс	21,43	2,1	10,0	-8,8
Астық	775,50	-3,5	-7,7	-7,3

25.11.2022

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
28.11 <u>ЕОБ төрағасы Лагард 28.11 және 02-03.12.2022 сөз сөйлейді</u>	EUR		
30.11 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	CNY	49,0	49,2
30.11 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (Ж/Ж) (қараша)</u>	EUR	10,4%	10,6%
30.11 <u>ЖІӨ (тоқ / тоқ) (3 тоқ)</u>	USD	2,7%	2,6%
30.11 <u>ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі</u>	USD		
01.12 <u>Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)</u>	EUR	46,7	46,7
02.12 <u>Жұмыссыздық деңгейі (қараша)</u>	USD	3,7%	3,7%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	18,8%	01.11.22	17,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	33,0	01.11.22	32,8
Ақша базасы, млрд KZT	12 374,4	01.11.22	11 871,4
Ақша масса, млрд KZT	33 311,6	01.11.22	32 466,1

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 негативті	02.09.22	BBB-/A-3 әлсіз
Moody's	Вaa2/әлсіз	11.08.21	Вaa3/позитивті
FitchRatings	BBB/әлсіз	17.06.22	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.